



# Математика – білім негізі



Ұлы ғалым Пифагор б.з.д.  
570 жылы Самос аралында  
туған. Пифагордың әкесі  
Мнесарх зергер болған.  
Пифагордың анасының аты  
белгісіз. Көптеген жазбалар  
бойынша туған бала өте  
әдемі болған және өсе келе  
өзінің ерекше қабілетімен  
көзге түскен. Жас  
Пифагордың ұстаздарынан  
Гермодамант пен Ферекид  
Сиросскийді атауға болады



әл-Фараби 870 - 950 ж.  
ш. әлемге әйгілі ойшыл,  
философ, социолог,  
математик, физик,  
астроном, ботаник,  
лингвист. Абайдың  
Фараби еңбектерімен  
таныстығы жөнінде  
нақтылы мәліметтер  
жоқ. Дегенмен Сағидық  
«...философияға,  
даналыққа зор мән  
берген Абай әл-Фараби  
таныс болуымен осы  
ғақпиялар кітаптарынан  
да мағлұматы бар еді»



1. Қолымызда 10 саусақ бар. 10 қолда неше саусақ бар?
2. Екі адам төрт сағат шахмат ойнады. Олардың әрқайсысы неше сағат ойнаған?
3. Үш ат жегілген шана бір сағатта 15 км жүріп өткен. Әрбір аттың жылдамдығы қандай еді?
4. Сағат 12-де Алматыдан Талғарға қарай 80 км/сағ жылдамдықпен жеңіл машина жолға шықты. Олар тоқтамастан жүріп отырды. Кездескенде екі машинаның қайсысы Алматыдан қашығырақ болған?
- 5.
6. Қанша?
7. Бір жанұяда бес ұл бар. Олардың әрқайсысының қарындасы бар. Сол жанұяда қанша бала бар?
8. Үш тауық үш күнде үш жұмыртқа салады. 12 тауық 12 күнде қанша жұмыртқа салады?
9. Үш метрлік 60 бөренені жарты метрлік шөкелерге арамен бөлу керек. Қанша рет аралап кесу керек?
10. Үйдің 6-шы қабатына дейінгі басқыштың ұзындығы 2-ші қабатқа дейінгі басқыштың ұзындығынан неше есе ұзын?

1) Алмұрт алмадан ауыр, ал алма шапталдан ауыр. Қайсысы ауыр – алмұрт па әлде шаптал ма? Қаламсап дәптерден қымбат, ал қарындаш қаламсаптан арзан. Қайсысы қымбат – қарындаш па әлде дәптер ме?

2) Арман, Ерлан, Нұркен және Мырзатай төртеуі балық аулады. Мырзатай балықты Нұркенге қарағанда көп ұстатады. Арман мен Ерланның ұстаған балықтарының саны Нұркен Мырзатайдың ұстағандарымен бірдей. Арман мен Мырзатай Ерлан мен Нұркеннің ұстағандарынан аз. Ұстаған балықтар-

3) дың санына қарай кім қандай орын алғанын жаз.

7 қарындаш 8 дәптерден қымбат тұрады. Қайсысы қымбат-8 қарындаш па әлде 9 дәптер ме?

6 табан 10 траннан ауыр, бірақ 5 алабұғадан жеңіл; 10 табан 8 алабұғадан ауыр. Қайсысы ауыр- 2 табан балық па әлде 3 тран балық па?